

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және Алматы облысының елді мекендерде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы мәслихатының 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 8-57 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 20 мамырда N 2008 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен.

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 491-бабының 2-тармағына сәйкес Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және Алматы облысының елді мекендерде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкаларын, қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. 2001 жылғы 25 желтоқсанда нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде 528 нөмірімен тіркелген, Алматы облыстық мәслихатының 2001 жылғы 20 қарашадағы "Облыс бюджетіне жеке төлемдер бойынша ставканы бекіту туралы" N 16-106 шешімінің, енгізілген өзгерістермен 2004 жылғы 17 қаңтарындағы "Жетісу", "Огни Алатау" газеттерінің 20 нөмірінде жарияланған 2004 жылдың 28 қаңтарда мемлекеттік құқықтық актілер тіркеу тізілімінде 1467 нөмірмен тіркелген Алматы облыстық мәслихатының 2003 жылдың 25 желтоқсанындағы "Орманды пайдалану үшін төлем ақы мөлшерін белгілеу туралы" N 3-19 нөмірлі шешімінің 3 қосымшасы күшін жойылған деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.А. Долженковқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихатының
хатшысы*

Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 сәуірдегі "Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және Алматы облысының елді мекендерде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы"

№ 8-57 шешіміне қосымша

Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және Алматы облысының елді мекендерде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкалары

N	Жарнама нысанының көлемі	Төлем ставкалары (ай сайын, есебімен) көрсеткіш		
		Санаты		
		A	B	C
1	2 шаршы метрге дейінгі	4	2	1
2	2-ден 5 шаршы метрге дейінгі	5	4	3
3	5-тен 10 шаршы метрге дейінгі	10	8	6
4	10-нан 20 шаршы метрге дейінгі	16	12	8
5	20-дан 30 шаршы метрге дейінгі	30	25	20
6	30 шаршы метрден жоғары	40	30	20

Ескерту: Шалғайдағы аудандардың экономикалық дамуын және жергілікті жерлердің, ірі қалалар мен автомагистральдардан алыс орналасқанын, аудандардағы тұрғандардың жиілігін ескере отырып, облыстың аудандары мен қалалары 3 санатқа бөлінген:

А санатына: Енбекшіқазақ, Іле, Қарасай, Талғар, аудандарын, Қапшағай, Талдықорған қалалары жатқызылсын;

В санатына: Текелі қаласы, Жамбыл, Алакөл, Қаратал, Көксу, Панфилов, Ескелді аудандары жатқызылсын;

С санатына: Ақсу, Балқаш, Кербұлақ, Райымбек, Сарқан, Ұйғыр аудандары жатқызылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК